

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№2				
Күндері	06.09. - 10.09.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Менің отбасым				
Мекеменің атауы, тобы	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
Педагогтің аты-жөні	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; педагогтің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу; балаларға жағымды орта туғызу.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышында кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге, бөтенкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге / тазалау, кептіру т.б./ іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауды үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын	"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.) Педагог: -Қазір мен сендерге	"Сәлем" саусақ жаттығуы. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды). Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды). Тіпті "сәлем" - деймін мен ("қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып	Санамақтар айтқызу. Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды,	"Өрмекші" саусақ жаттығуы. Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы),

	біртіндеп көбейтуге болады.	бірнеше сөздерді атаймын. Алдындағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой", - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.	тұрады). Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды). - Сәлемет пе, (екі қолды жоғары созып, аспанды көрсетеді) Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді). - Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды). Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды) - Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды). Самал жел желпіген (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстап оңға және солға кезектестіре шайқайды). - Сәлемет пе, (бастарын шайқайды) Кішкентай түбіртек! Сәлем, таң жаңа атқан! Сәлем, күн арайлы! Сәлемге еріну! Бізде әсте болмайды.	Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ-балапанын. (М. Қуанышбеков)	Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады), Нөсер тек кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар "Күннің шыққаны жақсы ма?" Күннің шыққаны жақсы ма? (күнді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Желдің соққаны жақсы ма? (желді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады)				

	Достарыңмен жүрген жақсы ма? (адымдайды) Анаңды құшақтаған жақсы ма? (өздерін құшақтайды) Жақсы! (алақандарын соғады) Туған өлкеде жақсы ма? (құшақтарын жаяды) Жақсы! (алақандарын соғады) Үйіміз бар жерде жақсы ма? (үйді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Биде айналған жақсы ма? (айналады) Жақсы! (алақандарын соғады)				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	"Ас - адамның арқауы" Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру; орындыққа өздері отырып-тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Менің отбасым" тақырыбында балалармен әңгімелесу. "Отбасы" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою.	"Отбасындағы сыйластық" әңгімелесу. Мақсаты. "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды.	"Менің ең жақын досым - менің анам" әңгімелесу. Мақсаты. "Менің ең жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын молайту.	"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты. "Менің отбасым" тақырыбында, отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары." Мақсаты. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуге үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру. Балаларды ойыншықтармен таныстыру кезінде зейін, есте сақтау және қабылдау қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. <i>"Ойыншығыңмен таныстыр" сөздік жаттығуы.</i> Сурет салу "Дуал" Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішіні бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру. Дене шынықтыру "Бауырсақпен шеңберге тұру" Мақсаты. Балаларды	Музыка "Әлди-әлди" Мақсаты. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық кимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. <i>"Фестиваль" ойыны.</i> Математика негіздері "Әженің көмекшілері" Мақсаты. Балаларда "көп", "біреу", "бір-бірден", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; отбасы жөніндегі түсінікті тиянақтау. Балаларды бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын құралдарды ажырату және олардың санын анықтау тәртібіне үйрету; саны біреу және саны көп заттарды салыстыру, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыру біліктерін	Дене шынықтыру "Шеңберге өз еркімен тұрамыз" Мақсаты. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; ұзындыққа екі аяғымен секіру және 2-топ - бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; кимыл ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту. <i>"Шеңбердегі доп" қимылды ойыны.</i> Орыс тілі "Это я". Знакомство Цель. Учить воспринимать русскую речь, понимать и употреблять по образцу взрослого слова, обозначающие приветствие, прощание, название себя, упражняться в правильном произношении гласных	Мүсіндеу "Әжем пісірген тәттілер" Мақсаты. Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, түрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есу мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін Қоршаған ортамен таныстыру "Менің отбасым" Мақсаты. Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуға үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. <i>"Отбасы мүшелерін ата" дидактикалық ойыны.</i>	. Жаратылыстану "Қошақаным" Мақсаты. Балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажырата білуге үйрету; отбасы туралы түсінік беру. <i>"Үй жануарын дауысына қарай ажырат"</i> <i>дидактикалық ойын</i> Дене шынықтыру "Әдемі шеңбер жасайық" Мақсаты. Балаларда ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, оқу қызметін пысықтау, кимыл ойыны арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру. <i>"Допты шеңберге кіргіз" қимылды ойын.</i>
---	---	--	---	--	---

	шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін калыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету. <i>"Допты дәлдеп лақтыр"</i> <i>қимылды ойыны.</i>	жетілдіру; зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. <i>"Жіптерді орнына сал" дидактикалық ойын.</i>	звуков в словах. Развивать артикуляционный аппарат, фонематический слух, речь, слуховое и зрительное восприятие, диалогическую речь, внимание, мышление, положительные эмоции. <i>Словесное упражнение</i> <i>«Как меня зовут».</i> Вариативті компонент Коммуникация Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Бұл бауырсақ- кішкентай қу аң». Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерді таңдау, рөлдерге бөлу. Фланелеграф арқылы – қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын калыптастыру. Мазмұндау мен тіл байлықтарын дамыту. Мейрімді, тату –тәтті, дос болуға үйрету		
--	--	--	---	--	--

Серуен	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (гүл тұқымын жинау). Мақсаты: жұмысты бірігіп орындауға деген ұмтылысты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: “Аттар” Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; "Ер канаты - ат" деген ұғымды қалыптастыру; жарысып ойнауға. Барысы: балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Ауа райын бақылау. Мақсаты: өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек (көкөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр, қияр". Мақсаты: белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты:	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Торғайларды бақылау. Мақсаты: торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек (қызылшаны жинау). Мақсаты: жұмыс істеуге дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: “Құстар мен мысық”, “Қарғалар” (мөлшері 2-3рет). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын,	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Қайың ағашын бақылау. Мақсаты: қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген ұмтылысты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (көкөністерді жинау). Мақсаты: ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар мен қасқыр". Мақсаты: балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Иттерді бақылау. Мақсаты: иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасау қажеттілігін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бүршіктер мен жапырақтарды жинау). Мақсаты: қарпайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: “Қоймадағы тышқандар”. Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген
----------------------	--	---	--	---	---

	болады. Осы жалаушаны екі топ өзара жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралыптастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.		қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты таңдап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Ал мысық осы кезде оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарады. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап жуып-шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				

Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; шанышқыны саусақпен және ортаңғы саусақтармен ұстау қабілетін жақсарту үшін, жоғарғы бөлігін сұқ саусақтарымен ұстап отырып, қолдарындағы шанышқының орнын өзгертпестен, қолды ғана сәл айналдыру іскерліктеріне үйрету.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан ояңған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары ояңған кезде қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Ас құралдарын дұрыс пайдалану, ауызды жауып тамақтану, тамақты үнсіз шайнау қабілеттерін нығайту.				
Ойындар, жеке дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Менің отбасым" дидактикалық ойыны. Мақсат. Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын анықтамалармен толықтыру. Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі: - Сенің отбасың қандай? - Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбекқор, кітап оқиды, саяхаттауды, спортты жақсы көреді), өйткені ...	Сюжетті-рөлдік ойыны: "Отбасы" Мақсаты: ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру.	"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Мақсаты: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.	"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру; ересектердің іс-әрекетінің адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға деген қамқорлықты тәрбиелеу. Ойынға ұлдар да, қыздар да қатысады. Әдетте олар ата-анасы немесе әжесі және басқа ересек туыстары ретінде әрекет етеді. Балалардың рөлін қуыршақтар ойнайды. Біріншіден, барлығы бірге үй ортасын қалпына келтіруі керек: жиһазды орналастыру, заттар қою, сондай-ақ балалар кімнің қандай рөлдерді ойнайтыны туралы келісуі керек. Педагог тек осы процесті бақылап, жанжалды	"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.

				жағдайларды шешуге көмектесе алады. Ойынды босқа ойнамай, балаларды нақты жағдайларды шешуге ынталандыру: "Балаларды балабақшаға жинау"; "Демалыс күні"; "Үйдегі тазалық"; "Жөндейміз"; "Дастархан басында" және т.б. Ойын барысы балалар арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, сонымен қатар еңбек элементтерін де қамтуы керек. Ойын алдында балаларға отбасылық күнделікті тақырыптағы ертегіні оқуға болады, содан кейін оны талқылап, ойын арқылы сипатталған жағдайда дұрыс мінез-құлық моделін көрсетуге болады.	
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің отбасым" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу.	"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. Барысы: балаға әртүрлі жапырақтар таратылады. Балаға жапырақтарды салыстырып, қай ағаштың жапырағы екенін табу керек.	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Үлгі: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз.	"Өз әжең" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес. "Қиын бала қайдан шығады?"	Кеңес. "Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз".	Кеңес. "Ойыншықтардың бала өміріндегі маңызы".	"Менің сүйікті ойыншығым" атты тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.